

7 Сәуір
Жұма,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады



ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОБЛЫС БАСШЫСЫНЫҢ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АУДАНЫМЫЗҒА КЕЛІП, АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫМЕН, МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Саралжын ауылдық округіндегі «Нұр-Асыл» шаруа қожалығы облыс әкіміне асылтұқымды еділбай қойларын көрсетті. Шаруашылық 20 жылдан астам уақыт бойы асылтұқымды қой шаруашылығымен айналысады. Олардың жайылымдық жерлері, жем-шөп жинайтын орындары бар. Шаруа қожалығында 1200-ге жуық ірі қара мал бар екенін ескере отырып, облыс әкімі етті ғана емес, жүнді қайта өңдеуді жолға қою қажеттігін атап өтті. Шаруа қожалық директоры Аманғали Әмірғали өңір басшысының ауыл тұрғындарын қолдау туралы үндеуіне алғашқылардың бірі болып үн қосты. Былтырғы жылдан бастап қожалық 3 отбасына тауарлы несие берді. Бүгін Саралжын ауылының тұрғыны Ізімкерей Тұрмановқа 20 бас өнімділігі жоғары асылтұқымды қой берілді. 25 жастағы ауыл тұрғыны «Ауыл аманаты» оның жас отбасы үшін нағыз қолдау болғанын және қой шаруашылығынан күтер үміті көп екенін айтып өтті. Кемер ауылының тұрғыны Бақытбек Ертілеуов 2022 жылы «Берік-А» шаруа қожалығында 4 сиырды тауарлы несие беру шарттарымен алып, жобаның қатысушысы атанды. Алтыншы баланың дүниеге келуін күтіп отырған Ертілеуовтер отбасысы көпбалалы санатына жататындықтан, жобаға қатыстыру көзінде басымдық берілді. «Мен Кемер ауылына Ақтаудан бір жыл бұрын көшіп келдім. Екі сиыр қазірдің өзінде төлдеп үлгерді. Қалған екеуінің төлдегенін күтудеміз. Шаруашылығымызды ұлғайтқымыз келеді, маған тағы 6 сиыр керек. Сонда біз сүтті қайта өңдеуді қолға аламыз, артығын сатамыз, отбасымызды

асыраймыз», – деді облыс әкіміне Бақытбек Ертілеуов. Айта кетейік, бұл көпбалалы отбасы «Ауыл аманаты» жобасынан бөлек, мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуда. Атап айтқанда, Бақытбектің жұбайы Қызғалдақ Сапарова өткен жылы 1,3 млн теңге сомасында өтеусіз грантқа ие болып, тігін жабдықтарын сатып алды. Қазір жеке кәсіпкер болып отырған ол ауылдастарына тігін қызметтерін көрсетеді. Бақытбектің ағасы ірі қара мал бордақылаумен, құс шаруашылығымен айналысады және жоба аясында өз ісін кеңейтуді жоспарлап отыр. «Ауылдарда ауылдастарына қолдау көрсететін және көмектесетін ірі фермерлер бар екені қуантады. Облыс бойынша шаруа қожалықтары «Ауыл аманаты» қатысушыларына 6 000 бас мал береді. Сіздер тағы 6 бас сұрап отырсыз, біз беруге дайынбыз. Шаруа істіңіз келетінін және қалай жұмыс істеу керектігін білесіздер. Еңбек еткен адамдарға әрдайым қолдау көрсетіледі», – деп атап өтті Ералы Тоғжанов. Көптоғай ауылдық округінде облыс әкімі «Ауыл аманаты» бойынша өңірде алғаш болып жеңілдетілген қарыз алған Болатбек Омаровтың жеке ауласында болды. Көпбалалы отбасының отағасы ұзақ уақыт бойы жұмыссыз қалған, жоба туралы біліп, тауарлы несие алуға шешім қабылдаған. Алдымен 20 қой алды. Кейін құс шаруашылығымен айналысу үшін жеңілдетілген ақшалай қарыз алуға өтініш берді. Арнайы курстан оқып, жүздеп тауық сатып алды, енді шаруашылығын 500 қазбен кеңейтуді жоспарлап отыр.

КӨПТОҒАЙ АУЫЛЫНДА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫМЕН ТАНЫСЫП, БІРҚАТАР ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ.



Көптоғай ауылдық округіне қарасты Көптоғай ауылында облыс әкімі дәрігерлік амбулаторияның ашылу салтанатына қатысты. Медициналық ғимараттың жалпы ауданы – 1200 шаршы метр. Амбулатория бір ауысымда 50 адамды қабылдай алады. Стационар, стоматология, дәріхана бар. Нысанды салуға және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша заманауи жабдықтармен жабдықтауға 134 млн. теңге бөлінді. Ералы Тоғжанов Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында өңірде ауылдық аумақтарды дамыту, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша тиімді шаралар қабылданып жатқанын алға тартты. 29 елдімекенде жаңа медициналық мекемелер салынады. Ауданаралық мәртебеге ие болатын Хромтау, Мұғалжар және Шалқар аудандарының ауруханаларында жаңғырту жүргізіледі. «Бұл амбулаторияны сіздер 10 жыл бойы күттіңіздер. Бүгін біз жаңа нысанды пайдалануға береміз. Әмір сүру сапасы мен ұзақтығын арттыру үшін барлық жағдайлар жасалатын болады. Көптоғай ауылдық округінде 2700-ге жуық адам тұрады, сондықтан амбулаторияға «Фельдшер сөмкесі» жобасы қажет. Жалпы, өңірде жобаға 134 ауылдық округ қатысады», – деп атап өтті облыс әкімі. Ауылдық округ арнайы планшет пен сегіз түрлі анализатордан тұратын 8 «Фельдшер сөмкесін» алуды жоспарлап отыр. Оның көмегімен науқасқа электрокардиограмма, спирометрия, жалпы және егжей-тегжейлі қан анализі

сияқты зерттеулер жасалады. Диагноз қою, одан әрі емдеу тактикасын айқындау үшін барлық деректер аудандық және облыстық орталықтарға білікті дәрігерлерге жіберіледі. Нысанның жұмысымен танысу барысында Ералы Тоғжанов медициналық қызметтердің сапасын арттыруды, түрлі дерттерді алдын алуды, оларды ерте сатысында анықтауын күшейтуді тапсырды. Сапар барысында облыс әкімі, Саралжын ауылдық округінің Кемер ауылындағы Ә.Дербісалин атындағы мектептің базасымен танысты. Оқу орнында 175 бала оқиды, оның ішінде 6-11 сыныптардың 60 оқушысы – «BILIM ALL» бірегей жобасының қатысушылары. Өңірлік жобаны іске асыру Қазақстанда алғаш рет Ақтөбе облысында 2022 жылы «Ауыл аманаты» аясында басталды. Мектеп ұстаздарымен әңгімелесу барысында Ералы Тоғжанов шағын жинақты ауыл мектептері оқушыларының білім деңгейін арттыру үшін осы жобаның маңыздылығын атап өтті. Облыстың үздік мұғалімдері онлайн режимде 5 негізгі пән бойынша 120 шағын жинақты мектептің 10 мыңнан астам оқушысын оқытуда. 4 мың оқушысы бар 84 шағын жинақты мектеп ауылдардың сапалы және жоғары жылдамдықты интернетіне қол жеткізу мәселесін шешкеннен кейін білім беру жобасына енгізіледі. Жоба іске асырылған бірнеше айда ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім деңгейіндегі айырмашылық 15%-дан 11,5%-ға дейін төмендеді.

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ДА ОҢ БАҒАСЫН АЛДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БАРЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Аудан тұрғындарымен кездескен облыс әкімі аудан тұрғындарын Қазақстанды жаңғыртудың жаңа тетігінің негізгі бағыттары, өңір халқын толғандыратын әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысты жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы хабарлар етті, өзекті сұрақтарды шешу жолдары мен мерзімдерін түсіндірді, сондай-ақ ауыл тұрғындарын «Ауыл аманаты» жобасына белсенді қатысуға шақырды. «Қазақстан тарихында алғаш рет әрбір ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді бағдарламасы әзірленді деп айтуға болады. 30 жыл ішінде мұндай бағдарлама болған жоқ. Ауылда тұратындардың барлығына қолдау көрсетіледі. Қападан ауылға көшіп келгендерге көмек беріледі. Мал және шаруашылықты дамытуға қаржы бөлеміз, жылыжаймен айналысқысы келсе, жылыжай салуға көмектесеміз. Ақтөбе облысында 134 ауылдық округ бар. Барлық округ әкімдерінің жұмысы – менің жеке бақылауымда. «Ауыл аманаты» жобалары іске асырылмайтын бірде-бір ауыл болмауы тиіс», – деп атап өтті Ералы Тоғжанов. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ойыл ауданының 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы міндеттері туралы есеп берді. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша ауданда тартылған инвестициялар көлемі айтарлықтай төмендеген. Бұл бағыттағы жұмыстарды облыс әкімі күшейтуді талап етті. 2022 жылы ауыл шаруашылығында өнім өндірісінің өсімі 3,5 пайызды, мал басының өсімі 28,3 пайызды құрады. Ағымдағы жылы да ауыл шаруашылығын дамытуға басымдық берілмек. Егіс алқаптары 1,7 есе артады. Бұдан өзге, ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің одан әрі өсуі «Ауыл аманаты» ауыл халқының табысын арттыру жобасын іске асыру есебінен күтілуде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік меншікке 30,6 мың гектардан астам пайдаланылмаған жер қайтарылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Кәсіпкерліктің дамуы белсенді. 2022 жылдың қорытындысына сәйкес тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 7,6%-ға өсті. Бұл ретте, биылғы жылы ауданда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларымен қамту кеңейтіледі. Мысалы, егер былтыр «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы бойынша 15 жобаға көмек көрсетілсе, биыл 40-тан астам жоба қолдауға ие болмақ. Облыс әкімінің тапсырмасымен, өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге зор көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, биыл 2 сегіз пәтерлі коммуналдық арендалық үй салынып, жергілікті атқарушы органда кезекте тұрғандарға тұрғын үй беріледі. Ауыл тұрғындарының сауалдарына жауап берген облыс әкімі Ералы Тоғжанов биыл облыста жол желісін дамытуға қатысты ауқымды жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Атап айтқанда, Ойыл ауданында «Ойыл-Қараой» аудандық маңызы бар жолдарды, Сарбие, Көптоғай, Шұбарши және Қайыңды ауылдарына кіреберіс жолдарды жөндеу жұмыстары жалғасады. Ойыл, Құмжарған, Кемер, Ақкемер және Екпетап ауылдарына кірер жолдарды жөндеуді бастау жоспарланған. «Аудан тұрғындары Көптоғай ауылына кіреберіс жолдың жағдайын айтып, жанбырлы күндері жүру мүмкін емес деп шағымданды. Басқа учаскелердегідей бұл жолды жөндеу жұмыстары тұрақты бақылауда болсын», – деді Ералы Тоғжанов аудан әкімінен.

Өңір басшысы Екпетап ауылындағы мектептің апатты жағдайына алаңдаулы. Бұл мәселеге қатысты жауап берген Асқар Қазыбаевтың сөзінен, қазіргі таңда жаңа мектеп салуға құжаттар дайындалып жатыр. Мектеп ұжымы мен оқушыларға ауылдағы өкілшілік ғимарат берілген, сабақ екі ауысымда өтеді.

Ағымдағы жылы Қарасу және Шұбарши ауылдарында орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысы жалғасады. Осы жобалар аяқталғаннан кейін халықтың сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуі 100%-ға жетеді.



ҚАРАТАЛДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН 11 ОТБАСЫ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК АЛДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРҒА ҮШІН АУЫЗАШАР БЕРДІ.

Естеріңізде болса, 17 наурызда тасқын судың жоғары қысымы мен Ойыл өзені деңгейінің күрт көтерілуіне байланысты Ойыл ауданы Қаратал ауылының айналасындағы топырақтан қорғаныш үшін жасалған үйінді қысымға төтеп бере алмады. Соның салдарынан жағалауды су шайды. Елдімекенді су басу қаупіне байланысты тұрғындар Қаратал ауылдық мектебіне алдын ала көшіріліп, су шайған жағалаудағы аумақты қалпына келтіру шаралары жүргізілді. 17 наурызда Ойыл ауданы әкімдігінің қаулысымен табиғи апатқа байланысты жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай жарияланды. «Соның 30 жылда алғаш рет елдімекенге су келіп, 11 үй су астында қалды. Ауыл тұрғындары су тасқынына қарсы іс-шараларға белсенді қатысып, ауызбіршілік пен бірліктерін көрсетті. Мұндай сәттерде қолдау өте маңызды. Шұғыл қолға алынған шаралардың арқасында су деңгейі төмендеді, эвакуацияланған адамдардың сол күні-ақ үйлеріне оралуына мүмкіндіктер туды. Қазір су тасқынынан болған залалды бағалау жөніндегі комиссия үйлер мен аула аумақтарын тексеруді жалғастыруда. Бірде-бір отбасы көмексіз қалмайтынына сендіргім келеді», – деп атап өтті облыс әкімі.

Ералы Тоғжанов үш күн бойы төтенше жағдайлар департаменті, мемлекеттік органдар қызметкерлеріне қол үшін созып, арнайы техника белген жергілікті шаруа қожалықтарының басшылары Батырбек Телжанов пен Қуанышбек Сұлтанғалиевке ерекше алғысын білдірді. Оларға 500 мың теңге көлемінде сертификаттар мен алғыс хаттар табыстады. Ауыл тұрғындарына қолдау көрсету мақсатында Қараталда комиссия жұмысы аяқталмағанына қарамастан, облыс әкімі 11 отбасыға 500 мың теңгелік сертификаттарын табыс етті. Комиссия барлық ғимараттар мен құрылыстарды тексергеннен кейін келтірілген шығын көлемін сарапшылардың қорытындысына сәйкес зардап шеккендерге толық береді. Сонымен қатар, жұмыс сапары барысында аймақ басшысы «Шұбархұдық-Ойыл-Қобда-Сол-Илец» тас жолының 165-ші шақырымында орналасқан Саралжын көпірінің жай-күйімен танысты. Көктемгі су тасқыны салдарынан көпірді су шайды. Облыс әкімі жол өткелін жедел қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдауды, сондай-ақ көпірдің тасқын сулардан бұзылмауы үшін қажетті шараларды қарастыруды тапсырды.



РS ОБЛЫС ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ БАСТАҒАН ТОП ОЙЫЛ АУДАНЫНА САПАРЫНЫҢ СОҢЫНДА ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ЖУЫРДА ҒАНА АШЫЛҒАН «ХАН ТӨТТІЛЕРІ» КОНДИТЕРЛІК ЦЕХЫ МЕН «ЖЫЛЫЖАЙДА» БОЛЫП, ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

СЕРІКБАЙ ҚОЙБАҒАРОВ

САҰЛАУ-2023

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2023 жылғы 5 сәуір № 10 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы,

1-тармақшасына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ойыл ауданының Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауы 2023 жылғы 14 мамырға тағайындалсын:

2. Ауылдық округтің әкіміне кандидаттарды ұсыну 2023 жылдың 6 сәуірінен басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2023 жылғы 18 сәуірде жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.

3. Ауылдық округтің әкіміне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2023 жылғы 23 сәуірде жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.

4. Осы қаулы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Т.Бисекенов
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Н.Б.Кенжебеков

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2023 жылғы 5 сәуір № 11 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Ойыл ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4)тармағына және 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ойыл ауданының Ойыл ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде мынадай сайлау округі құрылсын:

1) Ойыл ауылдық округінің шекараларында - Ойыл сайлау округі;

2. Сайлау округінің тізімі, оның шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ойыл аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: Б.Т.Бисекенов
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: Н.Б.Кенжебеков

2023 ЖЫЛҒЫ 14 МАМЫРҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІН САЙЛАУ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 69 үй, 315 бөлме
тел. 8 (71332) 2-16-10

Бисекенов Берік Төлеуұлы төраға
Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы төрағаның орынбасары
Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы хатшы

Комиссия мүшелері:
Жантекова Мөлдір Үмбетқызы
Қартбаев Серік Сағынұлы
Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы
Сәттібаев Қонақбай Кәримоллаұлы

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ	
№ 389 сайлау учаскесі	
Ойыл ауылы Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99	
Ерменова Райхан Есенқызы	төраға
Нұржанов Сансызбай Құмарұлы	төрағаның орынбасары
Төреғалиев Наурызбай Базарғалиұлы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Айдашев Абат Жауғашарұлы	
Ізімбетова Айжан Рахметоллақызы	
№ 390 сайлау учаскесі	
Ойыл ауылы Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты , телефон: 8 (71332)2-17-30	
Досымбаева Мира Бауыржанқызы	төраға
Сағынғалиев Рүстем Темірұлы	төрағаның орынбасары
Алдабергенова Нұргүл Бисенбіқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Дүйсенғалиева Күнсая Құмарқызы	
Мерғалиева Зайда Садуқызы	
№ 391 сайлау учаскесі	
Ойыл ауылы Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұғыла мәдениет және демалыс орталығының ғимараты, телефон: 8 (71332)2-20-14	
Сейталипа Мейрамгүл Қайырбекқызы	төраға
Рысқалиев Талғат Мақсатұлы	төрағаның орынбасары
Нұрманова Диана	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Сүйеинов Исатай Қонашұлы	
Шотпанова Гаухар Ардаққызы	
№ 392 сайлау учаскесі	
Ойыл ауылы Аманкелді Иманов көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52	
Садақбаева Гүлмира Таңжарбайқызы	төраға
Тұмышев Нұрболат Бітімбайұлы	төрағаның орынбасары
Қаумешова Есенгүл Сағынбайқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Елекбаева Дархан Саматқызы	
Хамитов Әйтеке Мергенбайұлы	
№ 568 сайлау учаскесі	
Ойыл ауылы Алтынсарин Ыбырай көшесі 19, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09	
Әлжанов Мұрат Шынғысұлы	төраға
Байманова Гүлзия Ғафурқызы	төрағаның орынбасары
Бисекенова Гүлнара Берікқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	

Мусина Эльмира Нұрханқызы	
Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы	
№ 393 сайлау учаскесі	
Екпетал ауылы Жасыл ел көшесі 21, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты ,телефон: 8 (71332) 72-1-47	
Жұмағұлова Гүлнұр Амангелдіқызы	төраға
Сенғалиев Темірбек Әділбекұлы	төрағаның орынбасары
Итібаева Гүлгүл Қуанышбекқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Мағауияқызы Жұмаш	
Шаргезова Гүлмира Сәлімгерейқызы	
№ 394 сайлау учаскесі	
Қаракемер ауылы Ынтымақтастық көшесі 1, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракемер мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00	
Оспанов Есенгелді Жолдасқалиұлы	төраға
Ысмағұлов Амангелді Базартайұлы	төрағаның орынбасары
Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Азан Анар Есімқызы	
Үмбетов Тілектес Алпысбайұлы	
№ 395 сайлау учаскесі	
Ақшатау ауылы Ақжол көшесі 1а, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81	
Айжарықов Қоныс Боранбайұлы	төраға
Қосжанов Сәкен Мауытұлы	төрағаның орынбасары
Тынысбаев Марат Елемесұлы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Тынысбаев Марат Елемесұлы	
Төлеушева Гүлжамал Елубайқызы	
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: Б.Т.Бисекенов Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: Н.Б.Кенжебеков	

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 22 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №2 ШЕШІМІНЕ ҚОСЫМША ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 28 МАУСЫМДАҒЫ №1 ШЕШІМІНЕ ҚОСЫМША

Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округіндегі сайлау учаскелерінің шекаралары

№ 389 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Көкжар көшесі68, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманғазин Бейсұлла көшесі 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1, 65/2; Шернияз Жарылғасұлы көшесі 40, 42, 44, 46, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64, 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87; Көкжар көшесі 22, 25, 29, 31, 32А, 38, 39,40,41, 44,45, 48, 53,54,55, 57, 64; Қойшығұлов Ахметжан көшесі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30; Берсиев Шығанақ, Жолмырзаев Байсалбай көшелері.

№ 390 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 47, 51, 53, 55, 59/1, 59/2, 61/1, 61/2, 63/1, 63/2, 65, 67, 69/1, 69/2, 71, 73, 75, 77/1, 77/2, 78 «а», 79/1, 79/2, 80, 81, 81«а», 82, 83, 84/1, 84/2, 85, 87, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1, 90/2, 90/3, 90/4, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108; Қой-шығұлов Ахметжан көшесі 31, 32, 33, 35, 36,36 «А», 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2; Абай Құнанбаев көшесі 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 26, 27, 29, 31; Құрманғазы Сағырбаев көшесі.

№ 391 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұғыла мәдениет және демалыс орталығының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 41, 43, 45, 47; Құрманғазин Бейсұлла көшесі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16; Көкжар көшесі 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 26, 28, 30; Құрманов Исламғали көшесі 1, 2, 8, 10, 12, 13, 15; Масатов Сауытбай, Қарақұлов Ишанбай, Оноприенко Николай, Дүсіпов Үмбет, Төлебаев Мұса, Қлипанов Отар көшелері.

№ 392 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Аманкелді Иманов көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Шернияз Жарылғасұлы көшесі 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105 «А», 105 «Б», 106, 107, 107 «Б», 108, 109, 110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125 «А», 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133, 135, 137, 139,145, 147; Көкжар көшесі 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 115, 116, 117, 118, 120, 121, 124, 125, 126; Абай Құнанбаев көшесі 1/1, 1/2, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19; Аманкелді Иманов көшесі 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7, 9; Бақаев Бауетдин, Тапалова Нұрсұлу, Медетбаев Дауылбай, Байғанин Нұрпейіс, Молдағұлова Алия, Ержанов Қуаныш көшелері.

№ 568 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы Алтынсарин Ыбырай көшесі 19, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ойыл ауылы: Құрманов Исламғали көшесі 16, 17, 18, 19, 23, 24, 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 48, 50, 52, 56, 58/1, 58/2, 60/1, 60/2, 62/1, 62/2, 62/3, 64, 66, 68, 74, 76; Аманкелді Иманов көшесі 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13 «А», 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28; Дәуленов Сәлкен, Екібаев Амантұрлы, Алтынсарин Ыбырай, Еркінов Шүкір, Сатпаев Қаныш, Әл-Фараби, Асанқайғы жырау, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Қаңтарбаев Тұрғали, Халел Досмухамедұлы көшелері.

№ 393 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Екпетал ауылы Жасыл ел көшесі 21, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Екпетал ауылы: Барқын, Қыдырбаев Хайролла, Жасыл ел, Орманшы көшелері.

№ 394 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Қаракемер ауылы Ынтымақтастық көшесі 1, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракемер мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаракемер ауылы: Бейбітшілік, Ардагерлер, Достық, Ынтымақтастық көшелері; Доброво қыстағы; Еңсеген қыстағы; Тайлақбай қыстағы.

№ 395 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ойыл ауылдық округі Ақшатау ауылы Ақжол көшесі 1а, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақшатау ауылы: Жастар, Алаш, Ақжол, Әжібай би көшелері; Сарат қыстағы; Талтоғай қыстағы.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Сәуір айының 6, 13, 20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Мамыр айының – 4, 11, 18 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым айының – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органныңатауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Сәуір – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Мамыр – 2, 16, 23, 30 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 6, 13, 20,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Сәуір – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр – 3, 10, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 7, 14, 21,28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәуір – 7, 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым– 2, 9, 16 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның, Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Сәуір – 5,12,19,26 күндері Мамыр – 3,10,17,24,31 күндері Маусым – 7,14,21,28 күндері Уақыты: сағ: 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-13-70

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тәжіғалиев	Сәуір 6,13,20,27 Мамыр 4,11,18,25 Маусым 1,8,15,22,29 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛДЫҢ – ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Дәулетқалиев Сәндібек Тоқсанбайұлы, Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Аманғосов Артур Сарсенбайұлы, Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның төгі, аты, өкесінің аты, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қосдаулетов Ырғызбай Төлеуұлы, Қайыңды ауылдық округінің әкімі	7,14,21,28 сәуір 5,12,19,26 мамыр 2,9,16,23,30 маусым	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй, Тел: 74-8-10

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 74-8-14. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жәшігі орнатылған.

2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, округ әкімі	Әр аптаның бейсенбі күні. Уақыты: Сағат: 10:00 – 12:30	Еңбеккерлер көшесі, №6	Сенім телефоны 8-(71-332)-73-6-01

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 8-71-332-73-6-01 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс-пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 468 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ҚЫЗЫЛ АҰДЫН» КӨМЕГІ

– «Қазақта апат айтып келмейді» деген қанатты сөз бар. Күрт еріген қар, соның салдарынан арнасынан асқан Ойыл ойпатта орналасқан іргесіндегі ауылдарға қауіп төндірді. Кемерінен асып жайылған су дамбыны бұзып, Қараталдықтарды шын састырды. Жанталаса жұмылған жұрт аяғынан тік тұрып, ел бірлігін паш етті. Ауылдың түгел су астында қалуына жол берген жоқ. Дегенмен, 11 үйге су кіріп, тұрғындардың дүние-мүлкіне залал келтірді. Облыс әкімі Ералы Тоғжанов бастап тасқын судан зардап шеккен отбасыларға көмек қолын созды. Белгілі меценат Талғат Салфиқов та ауылды қоршай түгел дамбы салып беруге уәде етсе, Халықаралық «Қызыл Ай» қоғамдық ұйымы да алғашқы болып көмек көрсетті. Яғни, Қаратал ауылының он отбасына, Қайыңды ауылының бір отбасының әр мүшесіне 100 мың теңгеден барлығы 5 млн. 600 мың теңге қаражаттың сертификатын тапсырды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

ӨРТ – ТІЛГІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен әлі де болса мән бермейміз. Ең басты мәселе - адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау. Өрт – адамдарға қасірет әкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесіне сергектікпен қарамаса онык жегізеді. Өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адами фактордан, яғни, тұрғындардың қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан орын алады. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ белгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.

2. Сымдар мен кәбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қақтысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

3. Тұрғын үйлердің пәтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын әртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайлары орнатуға жол берілмейді.

4. Мыналарға:

1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;

2) электр жеткізу желілерінің астына;

3) учаскенің сыртқы қоршауына

шауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді. Сонымен қатар өрт қауіпті кезеңінің басталысымен орман және дала алқаптарында өрттердің туындау қауіп қатері өседі. Осыған байланысты далалық жерлерде құрғақ шөптердің жануын алдын алу үшін :

1. Шаруа қожалықтары шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақтауы. Техникаларына уақытылы техникалық қызмет көрсетіп қалыпты жағдайда ұстап, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз етілуі тиіс;

2. Тас жолы бойында жүретін автокөлік жүргізушілері темекі тұқылын сөндірмей тастамау;

3. Табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде, от жақлау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау, тез тұтанғыш қоқыстарды шашып тастамау қажет. Өрт кезінде жергілікті тұрғындардың уақытылы хабарлап, бір адамдай тілсіз жауды дер кезінде тоқтатуға күш біріктірмейтініне өкінеміз. Өкініштің арты неге әкеліп соғатынын бәрімізге де мәлім. Сондықтан да ағайын, бір жеңнен кол шығарып, бір жағадан бас шығарып тілсіз жауға жол бермейік.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт күзетін «101» немесе «112» телефоны бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз, өрт сөндірушілермен кездесуді ұйымдастырып, жану ошағына тез жетер жолды көрсетіңіз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Ақшатау орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің кітапханашысы Айжарықова Данаға әкесі

Сөксеннің қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Саралжын модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы Жаңабаева Жамалға інісі

Саламаттың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН – АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ КҮНІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМЫНЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯ ЖҰМЫСЫН АШҚАН АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БЕРІК БИСКЕНОВ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА ЖАСАДЫ.



Одан кейін депутат, «Аманат» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин аудандық мәслихаттың төрағасын ашық дауыс беру арқылы сайлауды және аудандық мәслихаттың төрағалығына Сәкен Займолдиннің кандидатурасын ұсынды. Осы екі ұсыныс депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты. Одан әрі сессия тізгінін қолға алған Сәкен Фазизұлы аудандық мәслихаттың тұрақты

комиссияларының құрамы мен төрағаларын сайлау туралы күн тәртібіндегі мәселені баяндады. Депутат Жангүл Ізғарина аудандық мәслихаттың жанындағы әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағалығына Еркін Жиеналинді, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері комиси-

ясының төрағалығына депутат Сәндібек Нұрбаевты ұсынды. Әріптестерінің толық қолдауымен сайланған екі депутат енді аудандық мәслихаттың жанындағы екі комиссияға жетекшілік етеді. Аудандық мәслихаттың сегізінші шақырылымының бірінші сессиясына қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев депутаттық корпусының жұмысына табыс тілеп, ел игілігі үшін бірлесе еңбек етуге шақырды.

КЫЛМЫСКА ЖОЛ БЕРМЕУ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАК МІНДЕТ!

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ, АУДАН ПРОКУРОРЫ НҰРЛЫБЕК ЖОЛАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫС ӨТТІ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 2022 жылдың өткен кезеңі бойынша ауылдық округтерде жасалған құқық бұзушылықтар және олардың алдын алу мақсатында атқарылған шаралар, аудан көлемінде қылмыс санының өсу дерегі тіркелген Ойыл және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің баяндамалары тыңдалса, екінші мәселе бойынша ішімдік ішкен күйде жасалған әкімшілік құқық бұзушылық бой-

ынша атқарылған профилактикалық шаралар туралы және на-шақорлық пен есірткіге қатысты қылмыстар төңірегінде аудандық полиция бастығының міндетін уақытша атқарушы Дархан Ғалымжановтың баяндамасы тыңдалды. Отырыс барысында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мақсатында ауылдық округтердегі бейнекамералар санын арттыру, істен шыққанда-

рын жөндету, рейдтік шараларды ұйымдастыруды жолға қою, көлік-құралдарын басқару ережелері мен талаптарының сақталуын қадағалау, заңсыз алкогольдік өнімдер сатуға жол бермеу, учаскелік полиция инспекторларының жұмысын жандандыру тапсырылды. Жиын барысында айтылған кемшіліктер мен сын-ескертпелер хаттамаға енгізіліп, оң нәтижелі жұмыстарды атқару тапсырылды.



ОРАЗАДАҒЫ 10 ИГІ ІС



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы аудан жастарының атсалысуымен Рамазан айында

«Оразадағы 10 игі іс» жобасын бастаған болатын. Қайырымдылық акциясы аясында бірінші

күні «50 құрма мен 50 ауыз су» тарату сауапты ісін бастады. Аудан орталығындағы көшелер мен дүкендерге, халыққа құрма себеттері мен ауыз су таратылды. Ал, екінші игі іс жұма күні «Тегін такси» деп аталды. Қасиетті жұма күні Рамазан айының құрметіне аталған акцияға ниетті жастар көп болды. Жомарт жұманың шарапатын сезіне отырып, «Тегін такси» қайырымдылық акциясына 14 ерікті түрде жастар күндізгі сағат 10:00-ден кешкі сағат 19:00-ге дейін халықты қалаған бағыттары бойынша тегін көлікпен жеткізіп, алғыстарына бөленді. 3-ші қайырымдылық акциясы «Жұмадағы 100 нан». Аудан жастары халыққа тегін 100 нан таратып, зор ықыласына бөленді.

ТҰРҒЫНДАР ЖҰЫНЫ: БӘРІ ТӘРТІПТЕН БАСТАЛАДЫ!



Өткен аптада аудандық мәдениет үйінде Ойыл селосы тұрғындарының жиыны өтті. Басқаша айтқанда ауыл тұрғындарының қатысуымен ауылымыздағы өзекті мәселелер талқыланды. Малдың өріске кетуі, келу мезгілі, аталық малдың уақытында қосылуы, малшымен арада келісім-шарттың жасалуы, ауыл төңірегіндегі ауыл шаруашылығы жерлерін мақсатты пайдалану сияқты мәселелер де қозғалды. Алдымен аудан әкімі Асқар Қазыбаев бүгінгі кездесудің мақсатын түсіндірсе, Ойыл селолық округінің әкімі Сәндібек Дәулетқали-

ев өзекті мәселеге орай өзінің ойларын ортаға салды. Биыл Ойыл селосында төрт бағыт бойынша сиыр күтуі шығады. Ол үшін малшылары дайын. Бірақ, тұрғындарды да толғандыратын мәселе аз емес. Бірі малдың өрісі тарлығын алға тартса, енді бірі тазалық мәселесіне тоқталды. Айналып келгенде, бұл әрбір еңкейген көріден еңбектеген балаға дейін тазалық сақтауды басты назарда ұстауына байланысты. Көктем шығысымен қағаздар мен пакеттер көшеде желмен тербеліп жүргені. Егер, әркім осындай қоқысты көшеге тастамаса, мұн-

дай келеңсіздік болмас еді. Жиын барысында ауыл тұрғындары өздерінің көкейкесті сұрақтарын қойып, сұрақтарға мамандар жауап беріп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды. Сонымен қатар, осы жиынға қатысқан аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Азамат Көкебаев қолданыстағы заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруға тоқталып, бағусыз малдың иесіне қолданылатын шаралар туралы түсіндірді. **ҒАБАЙҚЫЗЫ, Ойыл селосы.**

АҚТӨБЕДЕГІ ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУҒА ОРТАЛЫҒЫ ЖАНЫНАН БИЗНЕС-ИНКУБАТОР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

БҰЛ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫН ЖАСАҒАН ӘЙЕЛДЕРГЕ НАҚТЫ КӨМЕК БОЛАДЫ. ОСЫ ЖӨНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСҚА ДА ЖОСПАРЛАР ТУРАЛЫ "АТАМЕКЕН" ӨНІРЛІК ПАЛАТАСЫНДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУҒА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БІР ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН МЕРЕКЕЛЕУ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР, УЕҒ, ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕН КӘСІПКЕРЛЕР ҚАТЫСТЫ.

Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасының әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы бір жылда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. 600-ге жуық әйелге мыңнан астам қызмет көрсетілді. Бұл — кеңес беру, оқыту, тәлімгерлік қолдау, әйелдер бизнесінің қазіргі жағдайын бағалау. 55 ақтөбелік ару кондитерлік, тігін өндірісі және сұлулық қызметтері сияқты бағыттар бойынша бейіндік оқытудан өтті.

300-ден астам әйел әлеуметтік кәсіпкерлік, SMM, кооперация, салық және бухгалтерлік есеп, бизнесті жүргізудің құқықтық аспектілері және т. б. бойынша жеке және кәсіби өсудің тегін тренингтері мен шеберлік сабағына қатысты. Кәсіпкерлік бастамасы бар он әйелдің менті ретінде таңдалғаны және сертификатталған тәлімгердің сүйемелдеуіне ие болғаны маңызды. Олар консультациядан бастап, бизнестің тұрақтылығы мен дамуы, тәуекел-менеджмент, өнімді өткізу нарықтарын кеңейту, өнім желісі және бизнес-процестерді жетілдіру мәселелері бойынша сарапатталды.

Іс-шара аясында табысты жобалардың тұсаукесері өтті. Мысалы, Өсемгүл Қайрақбаева он жұмыс орнын құра отырып, асхана ашты. Іске асыру сатысында екі наубайхана. Бұл тағы жеті жұмыс орны. Оның айтуынша, Орталыққа жүгінгенге дейін оның ай сайынғы табысы 175 мың теңгені құраса, ментормен жұмыс істеудің арқасында кәсіпкер табысын 5,5 млн. теңгеге дейін ұлғайтты. Тағы бір ақтөбелік Дина Кенжебаева "ECO CHISTO" клинингтік компаниясын ашып, "Shabyt_smm_school" мектебін құрды. Бұл ретте 7 адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етіліп, тәлімгермен жұмыс істегеннен кейін өз кірістерін төрт есеге арттырды. Бүгінде Дина өз тәжірибесімен ойдағыдай бөлісіп, ӨҚДО қызметі аясында SMM оқытудың тегін курстарын өткізеді. "Мен әйелдерге балаларды жасанды тамақтандырудан толық

емізуге ауыстыруға көмектесетін релаксация марафонының авторы. Мұндай жоба басқа жерде жоқ. "Атамекен" осы жобаны дамытуда мені қолдағанына қуаныштымын. Қазіргі уақытта мен бүкіл Қазақстан бойынша, сондай-ақ елден тыс әйелдерге белсенді түрде кеңес беремін", - дейді тағы бір кәсіпкер Гүлнұр Баймұқанова.

Іс-шара барысында табысты іске асырылған жобалары бар кәсіпкерлер ӨКП директоры Дана Бекбауованың атынан алғыс хаттармен марапатталды. "Тек жеке кәсіпкерлік саласында ғана Ақтөбе облысындағы әйелдер көшбасшы болып табылатын компаниялардың саны 57,5% құрайды. Өңірдегі әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының қызметі өз идеяларын іске асырғысы келетін әйелдер үшін мүмкіндіктер мен құралдарды одан әрі кеңейтуге ықпал ететініне сенімдімін. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының отырысында Қазақстанға кәсіпкерлердің жаңа толқыны қажет екенін атап өтті. ШОБ-ты қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы әзірленетінін айтты. Биыл ҰҚП "Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы" аясында "Мен кәсіпкер" жобасын іске асыруда. Жыл соңына дейін облыстың 140-қа жуық тұрғынын қамтуды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, нақты өнім шығарылғанға дейін консультация беру, оқыту, жобаларды сүйемелдеу", - деп атап өтті Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Дана Бекбауова.

Іс-шара барысында Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Жангелді Әубәкіров құттықтау сөз сөйледі. Кәсіпкерлер әкімдік өкіліне өз сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Өңірлік Палатадан Ақтөбенің жаңа тұрғын ауданында бизнесіні дамытудың жаңа тауашаларын анықтау үшін әкімдік тарапынан скрининг жүргізуге жәрдемдесу туралы өтініш ай-

тылды. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде қаланы абаттандыруға кәсіпкерлерді тарту мүмкіндігі. "Ұлттық мәдениет өнімдерін насихаттау және ілгерілету мақсатында қолөнершілер бұйымдарының жәрмеңкелерін ұйымдастыру және өткізу үшін қаланың орталық аудандарында алаңдар ұсынуға қала әкімдігіне жан — жақты қолдау көрсетуді сұраймыз", - деді Палата директорының орынбасары Дидар Боранқұлов.

"Даму" қорының басшысы Айнагүл Байдаулетова Қор арқылы іске асырылатын қолдау шараларына тоқталды. Өз кезегінде Іскер әйелдер кеңесінің төрағасы, ментор Құлпаршин Айдарханова Орталық жанынан бизнес – инкубатор ашылып, "Кәсіпке бағыт" бағдарлама бойынша оқыту басталып, "Бір ауыл — бір өнім" жобасы іске асырылатынын айтты.

"Жобаның басты мақсаты — өңірдегі бірегей өнімді анықтау, жергілікті тауарлар мен өнімдер өндірісін дамытуға ынталандыру, сондай-ақ тек жергілікті шикізатты пайдаланатын өндірушілерді біріктіру. Кооперация негізге алынды, оның тұжырымдамасын Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы ілгерілететін болады", - деп қосты ол. Шараның соңында кәсіпкерлер үшін "Жеке тұлға бренді және БАҚ-пен өзара іс-қимыл, сұхбат" тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Оны журналист Әсел Арыстанғалиева жүргізді. Естеріңізге сала кетейік, Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы өткен жылдың наурыз айында Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасы жанынан Ұлттық экономика министрлігінің "Ынтымақтастық Қоры" серіктестігі, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия және "Атамекен" ҰҚП аясында ашылды. Бастама "Азия Даму Банкі" қаражаты есебінен қаржыландырылады және БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасымен іске асырылады.